

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ
ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ ФАКУЛЬТЕТІ
БИОЛОГИЯ ЖӘНЕ САБАҚТАС ҒЫЛЫМДАР ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША
АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ**

№1 ХАТТАМАСЫ

Түркістан қаласы

25.09.2023 ж.

Қатысқандар: АҚ төрайымы:

Абдраимова Қ.Т. – б.ғ.к., доцент м.а;

Комиссия мүшелері:

1. Г.У.Абишова – аға оқытушы;
2. А.Т.Кенжалиев – «Ахмет Ясауи кәсіби колледжі» директоры;
3. Э.Ибрагимова – 6В05169-Биотехнология БББ-на жауапты мүше, техн.ғ.к., доцент м.а.;
4. Г.Бабаева – аға оқытушы;
5. М.Мәулен – 6В05146-Биология, 3 курс студенті.

Шақырылғандар:

1. Ж.А.Тлеубергенова – Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің әдіскері.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. АҚ жұмысын ұйымдастыру, Ережелерімен танысу, 2023-2024 оқу жылына жұмыс жоспарын әзірлеу.
2. 2023-2024 оқу жылына жұмыс жоспарын әзірлеу.

Тыңдалды:

АҚ төрайымы Абдраимова Қ.Т. бірінші мәселе бойыша сөз алып: Күн тәртібіндегі сұрақтармен таныстырды: АҚ жұмысын ұйымдастыру; Ережелерімен танысу; 2022-2023 оқу жылына АҚ жұмыс жоспарын әзірлеу. АҚ жұмысы ұйымдастырылып «Биология және сабақтас ғылымдар» даярлау бағыты бойынша АҚ жұмыс және мәжіліс жоспары бекітілді, ережелермен таныстырылды, «Қаратау мемлекеттік қорығы» РММ басшысы А.Қ.Ниязовпен кездесіп кадр даярлау нарығындағы талдау жұмыстары жүргізілді.

АҚ мүшесі, жұмыс беруші өкілі – А.Қ.Ниязов:

Кәсіби білімнің іргетасы ретінде теория мен практиканы ұштастыратын, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуде заманауи әдістерін қолданатын, мәдениетті, гуманитарлы ой-өріс және сөйлеу әрекеттері жүйелі, сауатты, дәлелді және нақты қолдану қабілетін меңгерген, жоғары интеллектуалды, ұжымда жұмыс жасай алатын, бәсекелестікке қабілетті, халықаралық талаптарға сай, кәсіби біліктілігі жоғары, бәсекеге қабілетті бакалаврларды даярлау бүгінгі кадр даярлау нарығының талабы.

АҚ мүшесі, академиялық персонал – аға оқытушы Г.Абишова:

Академиялық комитет мүшелері университет сайтындағы (<https://ayu.edu.kz/akademijaly-kommitetter>) Академиялық комитет ережесі, ББ әзірлеу және жаңарту ережесі, Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында іске асыратын білім беру бағдарламаларының тізілімін жүргізу қағидаларымен, сондай-ақ білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізу мен одан алып тастау негіздерін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 12 қазандағы

№ 106 бұйрығымен, Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының тізіліміне білім беру бағдарламаларын енгізу және шығару алгоритмімен, Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын әзірлеу жөніндегі нұсқаулықпен танысып, осы құжаттар негізінде жұмыстар атқарылуы тиіс екені ескертілді.

АК мүшесі, академиялық персонал – техн.ғ.к., доцент м.а. Э.Ибрагимова:

Алдағы уақытта жұмыстар өте тығыз және ауқымды жұмыстар бірігіп жасалса барлық жұмыстар шешімін табады. АК жұмыс жоспарына ББ әзірлеу, жаңарту мәселелерін талқылауға арналған бүгінгі күні өзекті сұрақтар енгізілді.

Шешім: Биология және сабақтас даярлау бағыты бойынша АК жұмысын ұйымдастыру, Ережелерімен танысу, 2022-2023 оқу жылына жұмыс жоспары қабылдансын.

Мәжіліс төрағасы:



Қ.Т.Абдраимова

Хатшысы:



Г.У.Абишова